

Ж.Д. Есімова

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ф.ғ.к., доцент м.а.

Алматы қ. Қазақстан

e-mail: esimjuldus.84@mail.ru

БАҚ тіліндегі перифраз атаулардың тілдік табиғаты мен қолданысы

Бұл мақалада қазақ тіліндегі жеке дара көп сөз етіле қоймаған перифраз ұғымының тілдік табиғаты қарастырылады. Перифраз атаулардың өзіне тән белгілері, мазмұндық-құрылымдық жүйесі жағынан өзіне ұқсас метафора, метонимия, синекдоха, тұрақты теңеу, эпитет, табу, эвфемизм, фразеологизм сияқты ұғымдардан қалай ажырату керектігі жөніндегі мәселелер ғылыми талқылауға түседі. Қазіргі қоғам өмірінде БАҚ тілінде ақпарат таратудың негізгі көзі болып табылатын тілдік бірліктер ішінен перифраз атаулардың да қолданыстық қызметі ерекше. Яғни перифраз сөздер таңбаланған ұғымға стилистикалық нәр беретін, лексика-семантикалық жағынан – бейнелі, образды, әсерлілігі жағынан – стильдік, экспрессивтік, эмоцияналдық мәнге ие болғандықтан, оқырманға, тыңдарманға ерекше әсер ететін бейнелі, образды сөздер ретінде журналистер тілінде жиі қолданатындығы мақалада нақты мысалдар негізінде дәйектелді.

Мақалада перифраз атаулардың өзіне тән белгілері атауыштық сипатта және синтагматикалық сипатта көрініс тапқан. Тіркесімділік түрінде ұшырасатын перифраз атаулардың алғашқы сыңары көбінесе тура мағынасында жұмсалса, екінші сыңары ауыспалы мағынада жұмсалатыны зерттеуші ғалымдар пікірімен негізделген.

Түйін сөздер: перифраз, сипаттама сөз, фразеологизм, тұрақты теңеу, стилистикалық фигура, ауыспалы мағына, семантикалық құрылым.

Ж.Д. Есімова

Образная природа и эмоционально-стилистические функции перифразы в языке СМИ

В статье рассматривается образная природа перифразы как художественного приема, используемого в СМИ. В казахской филологической науке этой проблеме до сих пор не уделяется должного внимания. Основная цель автора – обратить внимание на отличия перифразы от других выразительных средств и приемов художественной речи, таких, как метафора, метонимия, синекдоха, сравнение, эпитет, табу, эвфемизм, фразеологизм. В статье описаны семантические и прагматические особенности перифразы в языке газет и телевидения, даны конкретные случаи использования современными журналистами перифразистических оборотов с целью определить особую функциональную значимость и эмоционально-стилевую и информационную нагрузку этих единиц.

В статье рассматриваются особенности перифразы как вторичной номинации описательного и экспрессивно-эмоционального характера, дается характеристика ее номинативных и синтагматических функций. В силу сложности семантически неделимой структуры перифразы один ее член используется в прямом номинативном значении, а вторая часть перифразы применяется в переносном смысле, о чем свидетельствуют ученые, занимающиеся этой проблемой.

Ключевые слова: перифраз, описание, фразеологизм, сравнение, стилистическая фигура, переносное значение, семантическая структура

The nature and employment of paraphrasing in mass media

The given article considers language characteristics of paraphrasing. The ways of differentiation content-structure, some peculiarities and specific features, like metaphor, metonymy, stable comparison, epithet, euphemism, phraseology and others from paraphrasing are discussed here from scientific point of view. Mass media is one of the sources of information distribution, so paraphrasing function is very essential. Paraphrase represents a dynamic equivalent and conveys an important thought expressed in a source text—if necessary, at the expense of literality. Paraphrased texts grab reader's attention, therefore frequently used by journalists.

Some specific features of periphrasis have noun and syntagmatic character. It was scientifically substantiated that the first part of word combination periphrases are used in direct meaning, the second part in figurative meaning, these issues are considered in the article.

Key words: paraphrase, description, phraseology, stable comparison, stylistic figure, transitive meaning, semantic structure.

Тілдік санада танылған затты, ұғымды білдіретін тілдік бірліктерді тура атамай астарлап, жанамалап, бейнелеп бағалау нәтижесінде сөз мағынасының семантикалық шеңберінің ұлғаюына байланысты жаңа перифраздық атаулар пайда болады.

Қазақ тіл білімінде перифраз мәселесін лексикология саласының аясында М.Балақаев, Ә.Болғанаев, Б.Қалиев, Р.Сыздықова, Ә.Ахметов, сияқты зерттеушілер метафора, метонимия, синекдоха, эвфемизм, табу ұғымдарымен сабақтастыра қарастырғаны белгілі.

Ал перифразды жеке зерттеу нысаны ретінде Г.Амандықова көркем әдебиет тіліндегі перифраздарды зерттесе, Л.Жеребаева қазақ тіліндегі перифраздардың тілдік табиғатына байланысты диссертация қорғады.

Ғалымдардың топшалауынша, перифраз атаулар да фразеологизмдер, тұрақты теңеулер, стилистикалық фигуралар сияқты бір ғана мағына тұтастығына ие болып, құрылымы көбінесе атаулық тіркестер секілді екі-үш сөздің тіркесінен жасалып, ауыспалы мағынада қолданылатынын алға тартады. Мысалы, *Бостандық аралы (Куба), Тұманды альбион (Англия), қылқалам шебері (суретші), темір ханшайым (Маргерет Тетчер)* және т.б.

Мәселен, Ғ.Қалиев «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» еңбегінде перифраза атауына төмендегідей түсініктеме береді:

Парафраз, парафраза (грек. Paraphrasis сипаттау, сипаттама оралым) – 1) сөздің сөз тізбегінің мәнін басқаша түсіндіріп жеткізу (мәтінде *мен* деудің орнына *осы жолдардың авторы* делінуі); 2) жай сөздің орнына оның ауыс мағынасын білдіретін сөздердің қолданылуы. Мыс.: *арыстан - аң патшасы, жылан - аты жаман, ұры - қолы жылдам* [1,245].

Қазақ тіл білімінде перифраз атауларды өзіне ұқсас метафора, метонимия, синекдоха, теңеу, эпитет, табу, эвфемизм, фразеологизм сияқты тілдік бірліктерден қалай ажыратуға болады деген мәселер үнемі күн тәртібі мәселесінде көтеріліп отыратындығы белгілі.

Осыған орай, профессор Байынқол Қалиұлы перифраз (сипаттама сөз) болу үшін кемінде бес түрлі шарт болу керектігін ұсынады. Олар:

1) Сипаттама сөздер кемінде 2 не 3 сөздің тіркесінен жасалып, негізінен екі сыңардан құралуы шарт.

2) Сипаттама сөздің ол сыңарлары анықтауыштық (адъективтік) немесе изафеттік (генетив) қатынаста тұруы керек. Осы тұрғыдан *ақ алтын* деген -анықтауыштық қатынаста, *шөл кемесі* деген - изафеттік қатынаста тұр. Сондықтан бұлар сипаттама сөздерге жатады. Ал «Қазақстанның бұрынғы астанасы» деген – сипаттама сөз емес, ол тек анықтама (түсініктеме) ғана.

3) Сипаттама сөз құрамында кіретін мүшелердің бірінші сыңары негізінен тура мағынада тұрады да, екінші сыңары - ауыспалы мағынада тұрады. Айталық, *қара алтын* (мұнай) дегендегі *қара* сөзі – тура мағынада, ал *алтын* сөзі – ауыспалы мағынада тұр.

4) Сипаттама сөз алғаш жасалған кезінде еркін тіркес (матасу, қабысу) болғанымен кейіннен ол сыңарлар тұтасып кетіп, тұрақты тіркеске айналады да, бір ғана заттың атын білдіреді. Соған орай сипаттама сөздің берер жалпы мағынасы да ауыспалы, бейнелі мағынаға айналады.

5) Сипаттама сөз жасалу үшін заттың (денотаттың) өзі адамзат баласы үшін маңызды, мәнді, аса қажетті зат болуы керек және сол сөзді жасаушы адам әлгі заттың құндылығымен, маңыздылығымен мақтана алатындай болуы қажет. Яғни сипаттама сөз жасалу үшін көңіл күйдің көтеріңкі болуы шарт.

Осы бес қасиеттің бесеуі де болса ғана әдеттегі еркін тіркестер тұрақты тіркеске айналып, жеке сөздің қызметін атқарады. Біздің сипаттама сөздер деп отырғанымыз, міне, осындай бейнелі, образды сөздер. Егер жоғарыда көрсетілген 5 белгінің екеуі не үшеуі болып, қалған екі не үш белгісі болмаса, ол сипаттама сөз бола алмайды [2,304].

Яғни, тілдік ұжымның қатталған санасында танылған байырғы атау сөзді өзінің тура мағынасында атамай, тіркесімділікті, бейнелілікті, образдылықты негізгі шарт етіп жанама, ауыспалы мағына беру арқылы перифраз атауды қалыптастыруға болады екен.

Бүгінгі қоғамды ақпарат құралдарынсыз елестету мүмкін емес, өйткені олар халықпен, бүкіл қоғамдық ахуалмен тығыз байланыста біте қайнасып өмір сүреді. Күллі әлемдегі, ел ішіндегі болып жатқан түрлі оқиғалар мен жағдаяттар көбінесе радио, телевизия, газет ақпараттары арқылы көпшілік қауымға таралып жатады.

Тіпті радио - ақпаратты шұғыл таратып, жедел құлақтандыратын болса, телевизия – оқиғаны, болмысты көз алдымызда көрсетсе, газет- журнал – деректі, оқиғаны талдап, түсіндіреді.

Бүгінгі БАҚ тілінде ақпарат таратудың негізгі көзі болып табылатын тілдік бірліктер ішінен перифраз атаулардың да қолданыстық қызметі ерекеше деуге болады. Публицистикалық стиль ерекшелігіне сәйкес перифраздық тілдік бірліктер әрі атауыштық, әрі бейнелілік, әрі көркемдік қызметте кеңінен қолданысқа ие болып отыр. Мәселен, тіліміздегі *көгілдір экран (телевизор), аспан кемесі (ұшақ), ақ халаттылар (дәрігерлер), жасыр дерті (СПИД), темір тұлпар (машина), тілсіз жсау (өрт), үш әріп (ҰҚК), былғары қолғап шебері (боксер), кәрі құрлық (Еуропа), демократия аралы (Қырғызстан), күншығыс елі (Жапония), аспанастаны елі (Қытай), қара құрлық (Африка)* сияқты перифраз атаулардың негізгі қолданыс өрісі БАҚ тіліндегі публицистикалық стильдің дамуымен тығыз байланысты болып отыр. Журналистер тыңдарманға, оқырманға әсерлі, образды, жағымды жету үшін өздерінің коммуникациялық актілерінде перифраз атауларды жиі қолдануға тырысады.

Бүгінгі мерзімді баспасөз, теледидар, радио хабарлары тілінде жиі жұмсалатын перифраз атаулар ретінде «қанатты метал» – алюминий, «қара алтын» – мұнай, «көгілдір отын» – газ, «ақ ұлпа» – қар, «дала аруы» – жүгері, «теңіз алыптары» – киттер, «қыр баласы» – ауыл баласы, «солтүстік еркелері» – страустар, «алла үйі» – мешіт, «саналы сандық» – компьютер, «темір тұлпар» – машина, «ащы су» – арақ, «жуан жұдырықтылар» еркектер, «нәзік жандар» – әйелдер, «түнгі көбелектер» – жезөкшелер, «алыс-жақын елдер» – таяу шет ел, алыс шет ел, «ауыр темір» – лом, «темір тор» – түрме және т.б. атауларды жатқызуға болады.

Австралияның оңтүстігінде **теңіз алыптары** (киттер) қырылуда («Хабар» арнасы). Номинация теориясында сөз әдетте біріншілік атау, екіншілік атау болып бөлінетіндігі белгілі. Перифраз сөздер – екіншілік атаулар, бейнелі, образды атаулар. Мәселен жоғардағы **кит** сөзінің семантикалық шеңберіне назар аударғанда оның басқа жануарлармен салыстырғандағы өте үлкен болуы және тек мұхит, теңізде ғана мекендейтін уәждері мен даралауыш семалары екіншілік номинацияның туындауына негіз болып перифраз атаудың жасалуына себеп болып отыр.

Солтүстік еркелерін (страустар) Африкадан солтүстік аймаққа әкелу екінің бірінің қолынан келмейді («Қазақстан», Аерке Қабекеева).

Мәселен жоғардағы страус сөзінің семантикалық құрылымына назар аударғанда біріншіден, бұл жануардың қазақ халқының тілдік санасында ертеден қалыптаспағаны және оны алыс солтүстіктен әкелетін дифференциалды семалары негізге алынғаны белгілі, екіншіден страустың мінез-құлқы, жүріс-тұрыс кербез болғандықтан қазақ тілінде осы ұғымды таңбалайтын ерке сөзінің контекске сай таңдалынып алуы екіншілік номинация тұрғысынан жаңа перифраз атаудың қалыптасуына себеп болып отыр.

Тіл білімінде перифраздарды тілдік (узуалды) перифраздар және поэтикалық (авторлық) перифраздар деп екіге бөліп қарастыру дәстүрге айналған. Перифраз сөздердің бұл екі түрінің де жасалу тәсілдері мен функциялық қызметі жағынан бір-біріне ұқсас. Тек олардың қолданыс өрістері әртүрлі. Мәселен, тілдік перифраздар жалпыхалықтық тілде көп қолданылса, поэтикалық перифраздар көркем әдебиет пен публицистикалық стильде жиі ұшырасады. Төмендегі келтірілген мысалдардың біршамасының семантикалық, стилистикалық табиғаты жеке авторлық поэтикалық перифраздардан туындап бүгінде қолданылу сипатына қарай тілдік тұрақты қолданыстағы перифраздарға ауысып келе жатқандығына нақты дәлел болмақ.

Мысалы, Өкінішке орай, үй шаруасынан бас көтере алмаған әйелдер **қатерлі дертке** (рак) көп шалдығады екен («Алматы», Д.Аязбаев).

Ақтөбе облысындағы жанар-жағар майдың жоқтығынан **орақ науқаны** (шабыс) кеш басталды («Қазақстан», Айзат Тұрғынбекқызы).

Ал **ащы судан** (арак) ажырататын Нәфиса ханымға қарапайым халықтың алғысы шексіз («Рахат» арнасы).

Бірақ **саналы сандықта** (телевизор) қазақ тілді бағдарламалар атымен жоқ («Қазақстан, С.Әбдуәлі).

Алматының іргесіндегі Жауғашты түрмесінде жазасын өтеуші **38 нәзік жанға** (әйелдер) рақымшылық жасалып, түрмеден босатылды («Информбюро»).

Солтүстіктегі алып көршіміз (Ресей) бұл мәселеге оң көзбен қарап отыр («Кенже Жұманұлы»).

Кешеге дейін Орталық Азияда **демократия аралы** атанып келген Қырғызстан бүгінгі күні ол атаудан айырыла бастағанға ұқсайды («Айқын» 2010 жыл 7сәуір).

Темір тұлпарды (машина) ерттеп мінген Гуля апай мұнсыз жұмыс бітпейді дейді («Хабар», Руслан Оспанов).

Төрт дөңгелекті көлік (машина) шығарудан жапондықтар алты құрлықтың алдында келеді («НТК» арнасы).

Алтайдың ар жағынан келген қандастардың әрбір әні шын жүректен орындалады («Қазақстан», Н.Сұлтанұлы).

Қазір компьютер заманы, шындығында **ақылды машиналар** үш минутта керегінді тауып береді (А.Сейітханов).

Көгілдір отынмен жүретін жиырма автобус келді («Алматы ақшамы» 2010 жыл 23 желтоқсан).

Жолдан өте бергенде жігітті **темір тұлпар** қағып өтті («КТК», Кенже Жұманұлы).

Ораза айт мейрамының алғашқы күні ашылған **Алла үйі** (мешіт) еліміздегі іскер азаматтардың, жергілікті халықтың қаражатына салынды («Хабар», Ардақ Айбарұлы).

Күнкөріс үшін осы **ауыр темірді** қолға алдық дейді әйелдер қауымы («Астана» арнасы).

Ал **кәрі құрлықтың** (Еуропа) үні енді түрікше естіліп жатса, бұл - елін Еуропамен етене етуді көксеген Мұстафа Кемал Ататүріктің тағы бір арманының орындалғаны («Жас қазақ» 2010 жыл).

Бұл рынокта бүгінге дейін **ала тақиялы ағайындардың** (өзбектер) жолы болып келеді («Егеменді Қазақстан» 2010 жыл 17 ақпан).

Сонымен қатар перифраз сөздер таңбаланған ұғымға стилистикалық нәр беретін, лексика-семантикалық жағынан – бейнелі, образды тілдік бірлік болғандықтан, әсерлілігі

жағынан – стильдік, экспрессивтік, эмоцияналдық мәнге ие болғандықтан, тыңдарманға ерекше әсер ететін бейнелі, образды сөздер ретінде журналистер тілінде жиі қолданатындығына жоғарыда келтірілген мысалдар айқын дәлел болады.

Қазақ тіл білімінде перифраз сөздердің лингвистикалық статусы әлі күнге дейін толық айқындалған жоқ. Лингвистикалық зерттеулерде бұл газети фразеологизмдер, перифраздар, газети стандарттар, газети штамптар сияқты атаулар мен де атап жүргендер бар. Сонымен қатар перифраздардың стилистикалық ресурсы күшті болғандықтан, оларды «көркем перифраздар» және «штамп перифраздар» деп саралап жүргендер де бар.

Мәселен бұл жөнінде, «Көркем перифраздарды қысқарту шығарма құрылымын түгелдей қысқартуға алып келеді, тек қана құрылымдық емес, сондай-ақ мазмұндық, көркемдік жағынан алғанда синтагмалық қоршаудың біржола өзгеретінін, ал «штамп перифраздардың» сөйлем құрамынан немесе одан да күрделірек синтаксистік бірліктерден алып тастау, оны лексикалық жүйенің басқа бірліктерімен ауыстыру көркем шығармаға ешбір зиянсыз екенін зерттеуде атап көрсетеді» [3,15].

Сондай-ақ, БАҚ тілінде кездесетін бұрыннан қолданыста бар перифраз атаулар мен кейінгі жылдары пайда болған атауларды салыстырып қарағанда, олардың көпшілігі орыс тілінен калькалау (сөзбе-сөз аудару) тәсілі арқылы жаслып жатқандығын байқауға болады. Әсіресе бұрынғы қазақ ұғымы мен тілдік санасында жоқ *қызыл әтеш (өрт) - красный петух (пожар); темір ханшайым - железная леди; қызыл сойқандар (Манчестер Юнайтед) - красные дьяволы; тұманды Альбион (Англия) - туманный Альбион*; сияқты перифраздар осының айқын дәлелі болмақ.

Қорыта айтқанда, перифраз тілдік бірліктер бүгінгі БАҚ тілінде жиі қолданылатын, тыңдарманға, оқырманға әсерлі, образды, бейнелі ақпарат жеткізу мақсатында жиі жұмсалып журналистер тілінде тұрақтылық сипатқа ие болып келе жатқан, номинация теориясынан алғанда тіркесімділікке бейім ауыспалы мағынадағы екіншілік номинациялық акт болып табылатын тілдік бірліктердің бірі деуімізге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
- 2 Қалиев Б. Сипаттама сөздер дегеніміз қандай сөздер // Сөзстан (мақалалар жинағы) – Алматы: 2009. – 304 б.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Ред.басқ. І.Кеңесбаев, Е.Мұсабаев. – Алматы: 1978. 3-15 бб.

REFERENCES

- 1 Kaliev G. Til bilimi terminderinin tysindirme sozdigi. – Almaty: Sozdik-Slobar, 2005. – 440 b.
- 2 Kaliev B. Sipattama sozder degenimiz khandai sozder // Sozstan (makalar zhinagu) – Almaty: 2009. – 304 b.
- 3 Khazakh tilinin tysindirme sozdigi // Red.baskh. I.Kenesbaev, E.Mysabaev. – Almaty: 1978. 3-15 bb.